

А.Е.Иниязова¹, Т.С.Сламбекова¹, Ұ.Қ.Қияқбаева²

¹ Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

² Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

КИБЕРБУЛЛИНГТИҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Андатпа

Бұл мақалада мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында техникалық құралдардың дамып, компьютерлер мен ұялы телефондардың енуімен пайда болған қудалаудың жаңа түрі кибербуллинг мәселесі сөз болады. Оның әлем мектептерінде кеңінен таралып, әртүрлі жастағы балаларға кері әсер ететін факторлары, алғышарттары, себептері мен қауіптері анықталып, балалардың құрбан болу механизмдерін қарастыруға назар аударылады. Кибербуллингпен күресудегі шетелдік тәжірибелер мен алдын алудағы негізгі бағыттары айтылып, жасөспірімдердегі теріс әлеуметтік мінез-құлықтар мен психологиялық факторлардың пайда болуы қарастырылады. Сонымен қатар кибербуллинг формалары мен мектеп ортасындағы балалардың құрбан болуының маңызды компоненттері айқындалады.

Кілттік сөздер: кибербуллинг, буллинг, интернет қудалау, жаһандық интернет;

А.Е.Иниязова¹, Т.С.Сламбекова¹, У.К.Кыяқбаева²

¹ ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан

² КазНПУ имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ КИБЕРБУЛЛИНГА НА ПОДРОСТКОВ

Аннотация

В данной статье речь пойдет о проблеме кибербуллинга-нового вида преследования, возникшего у школьников и подростков с развитием технических средств, проникновением компьютеров и мобильных телефонов. Его широкое распространение в школах мира, выявление факторов, предпосылок, причин и угроз, негативно влияющих на детей разного возраста, внимание уделяется рассмотрению механизмов детской жертвы. Освещены зарубежные практики и основные направления профилактики в борьбе с кибербуллингом, рассмотрено возникновение негативных социальных поведенческих и психологических факторов у подростков. Также определяются формы кибербуллинга и важнейшие компоненты детской жертвы в школьной среде.

Ключевые слова: кибербуллинг, буллинг, интернет-преследование, глобальный интернет;

Iniyatova A.E¹, Slambekova T.S¹, Kyuyakbayeva U.K²

¹ ENU named after L.N.Gumilyov, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan,

² KazNPU named after Abai, Republic of Kazakhstan, Almaty

SOCIO-PSYCHOLOGICAL IMPACT OF CYBERBULLYING ON ADOLESCENTS

Abstract

This article will focus on the problem of cyberbullying—a new type of harassment that has arisen among schoolchildren and adolescents with the development of technical means, the penetration of computers and mobile phones. Its wide dissemination in schools around the world, the identification of factors, prerequisites, causes and threats that negatively affect children of different ages, attention is paid to the mechanisms of child sacrifice. Foreign practices and the main directions of prevention in the fight against cyberbullying are highlighted, the occurrence of negative social behavioral and psychological factors in adolescents is considered. The forms of cyberbullying and the most important components of child victimization in the school environment are also determined.

Keywords: cyberbullying, bullying, Internet harassment, global Internet;


Қазіргі уақытта жаңа технологиялар дамып, әлеуметтік желілердің танымал болуымен буллингтің жаңа түрі – кибербуллинг пайда болды.

Кибербуллинг - бұл интернет-технологияларды, компьютерлерді, гаджеттерді және басқа да электрондық девайстарды қолдану арқылы біреуге мақсатты түрде және қайталамалы келтірілетін зиян [1].


Бүгінде кибербуллинг әлем мектептерінде кеңінен таралып отыр. Ол түп негізі буллинг сөзінен шыққан, яғни ағылшын тілінің bully, қорқыту ұғымын береді. Көптеген елдерде буллингті зерттеу 70-ші жылдары басталды. Бұл физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, әлеуметтік қорлау, басқа біреудің қорқынышын тудыру, кемсіту, және сол арқылы оны өзіне бағындыруға бағытталған және т.б.мағынада қолданылады.

Скандинавиялық ғалымдар мектептегі жасөспірімдердегі қорқыту мәселелерін бірінші болып зерттей бастаған [2].

«Бүгінде Қазақстанда мектептегі 11-15 жастағы жасөспірімдердің 12%-ы кем дегенде бір рет немесе одан да көп рет кибербуллингке ұшырағаны белгілі болған және жасөспірімдердің 11%-ы кем дегенде бір рет басқа адамдарды кибербуллинг құрбаны етуге қатысқан [3].



Сурет 1. Кибербуллингке қатысушылар, HBSC Қазақстанда айына бір немесе бірнеше рет кибербуллингке қатысқан жасөспірімдер %



Сурет 2. Кибербуллинг құрбандары, HBSC Қазақстанда айына бір немесе бірнеше рет мектептегі кибербуллинг құрбаны болған жасөспірімдер %

Сонымен қатар кибербуллинг әрекеттерін жасайтындар көбіне негізінен кәмелет жасына толмаған жасөспірімдерді нысанаға алатындығы зерттелген. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпауы немесе оның зиянын білмеуі мүмкін. Тіпті ата-анасы мен мұғалімдерге оны айта алмайды. Оның басты себебі, кибершабуылдың құрбаны болған кезде, олар ұялы телефондарды немесе компьютерлерді пайдалану мүмкіндігінен айырылып қалудан қорқып, ересектерге бұл туралы айта алмайды, шабуылшының айтқанынан шықпайды.

Осы анықталған зерттеулер кибербуллинг мәселесі көбінесе жасөспірімдер арасында болатын қорқыту түрі екендігін көрсетке, ол жалпы жастардың болашағына әсер етіп, қауіп төндіруі мүмкін екендігі зерттеулерде анықталған. Яғни, зерттеушілердің пікірінше, бір мектепте оқитын оқушылар арасында болатын кибербуллинг мәселесі аса қауіпті, соның ішінде әлсіздердің, өзін қорғап, қарсы тұра алмайтындардың жиі ұшырауы. Сол арқылы олардың оқудағы жетістіктеріне, жеке, әлеуметтік және психологиялық, эмоционалды дамуына әсер етіп, қоғам қолдамайтын ортаны қалыптастыруында.

Кибербуллингтің қауіп факторларына келетін болсақ, бұл виртуалды әлемде оқушы неғұрлым көп уақыт өткізсе, оның кибербуллингке қатысу я ұшырау мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. Сондай-ақ, интернеттегі қауіпті мінез-құлыққа, теріс әрекеттерге апаруы мүмкін.

Кибербуллингтің тәуекел қауіп факторларына төмендегілерді жатқызуға болады:

1. Ата-аналардың балаларына жеткіліксіз көңіл бөлуі;
2. Мектеп ортасындағы атмосфераны теріс деп қабылдау;
3. Физикалық, психологиялық кибербуллингке қатысу тәжірибесінің болуы;
4. Құрдастары арасында қудалауға ұшырау т.б [4];

Жалпы әлемде соңғы 10-15 жыл ішінде кибербуллинг мәселесіне назар аударыла бастады, өкінішке орай оған жасөспірімдердің қайғылы суицидтері мен террористік әрекеттері себеп болды. Осыдан кейін көптеген елдер киберқауіпсіздік бағдарламасына және білім беру мекемелерінде, орта білім беру ұйымдарында алдын - алу бағдарламаларын жасап, арнайы қаражат бөле бастаған. Әлемде кибербуллингпен күрес екі бағытта жүреді деп көрсетілген.

Әлем бойынша кибербуллингпен күрестің екі бағыты:

1. Интернет-платформалардың, құпиялылық параметрлерінің қауіпсіздігін арттыру, «қара тізімге» енгізу мүмкіндігі;

2. Балалар мен ата-аналарға желіде дұрыс және қауіпсіз мінез-құлықты қалай қалыптастыру керектігі туралы әртүрлі ұйымдардың кеңес беруін ұйымдастыру; арнайы бағдарламалар жасалған, онда интернетте арандатпайтын және қудалауға бармайтын мінез-құлыққа үйрету жұмыстары;

Соңғы жылдары біздің елімізде де интернетті кеңінен қолдану әртүрлі әлеуметтік мінез-құлықтың пайда болуына алып келді. Көбінесе мектеп ұжымының қалыптасу құрылымы мен деңгейіне байланысты 10–12 жастағы ұлдарда буллинг мәселесі оқу жылының басында қатты көрініс береді, ол кезде олар топтық иерархиядағы орын үшін таласады; кейінірек бұл процесс аяқталғанда және иерархия қалыптасып болғанда, буллинг әлсірейді немесе ол мектептен тыс ғаламтор арқылы кибербуллинг түрінде жалғасын табады. Бұл жағдайда ұлдар мен қыздар қудалаудың әр түрін пайдаланады. Егер ұлдар

көбінесе ғаламторда, интернет ойындарда, жеке аккаунттарда сөзбен балағаттау, физиологиялық қысым көрсету, қорқыту (төбелесте осал екендігін, ұрып-соғатындығын т. б.) айту арқылы әлімжеттікке бейім болса, қыздар интернет мессенджерлерде, әлеуметтік желіде психологиялық, әлеуметтік қысым көрсетуді (өсек тарату, қарым-қатынас шеңберінен, өз ортасынан оқшаулау, кемсіту, мазақ ету, қудалау) пайдаланады [5].

Кибербуллингті толық түсіне отырып, оның жіктелуін білу маңызды, себебі интернеттегі агрессия түрлері әр түрлі болуы мүмкін, бұл қудалауға жауап берудің әртүрлі формаларына әсер етеді. АҚШ-та өткен ұлттық конференцияда Қауіпсіздік орталығының директоры Ненси Виллард кибербуллингтің жіктелуіне ұсынған әзірлемесі өзекті болып табылады делінген [6].

Кесте 1. Кибербуллинг формалары (Н. Виллард)

Атауы	Анықтамасы
Flaming (қорлау)	Бұл интернеттің ашық кеңістігінде, қорлайтын Пікірлер, дәрекі сөздер мен ескертулер арқылы болады.
Harassment (қастандық)	Бейтаныс адамдардан, әлеуметтік желілерді пайдаланушылардан, жақын нақты әлеуметтік ортадағы адамдардан мақсатты, жүйелі кибер шабуылдар.
Denigration (қаралау, қауесет тарату)	Интернет парақшаларда, телефон арқылы, чаттарда, форумдарда, жаңалықтар топтарында фото немесе бейнематериалдарды жариялау арқылы, мысалы, достық қарым-қатынасты бұзу немесе танысынан, құрбысынан кек алу үшін әдейі қауесек тарату, мазақ ету, жала жабу әрекеттері.
Impersonation (жалған атауды қолдану)	Басқа адамның, таныс, достарының құпия сөзін, жеке профилін пайдаланып басқаларды соның атынан қорлау, мысалы, мұғалімді қорлау үшін жалған атауды пайдаланып, өзін әдейі басқа адам ретінде көрсету.
Outing and Trickery (жеке ақпаратты жария ету)	Жеке ақпаратты, мысалы, жеке фотосуреттерді, қаржылық құпияларды, қызмет түрін, мысалы, әріптес, достарын қорлау немесе бопсалау мақсатында әдейі интернетке тарату.
Exclusion (әлеуметтік оқшаулау)	Қарым-қатынастан қудалау (іскерлік және бейресми деңгейде), түрлі әлеуметтік желі, форум, чаттар тобынан немесе ойын қауымдастығынан шығарып тастау, оқшаулау және т.б.
Cyberstalking (ұзақ өзге түсу және қудалау)	Біреуді жүйелі (жыныстық) қудалау, қорқыту және қысым көрсету.
Cyberthreats (физикалық зорлық-зомбылықтың ашық қаупі)	Біреуді өлтірудің немесе денеге зиян келтірудің тікелей немесе жанама қауіптері.

Жоғарыда келтірілген Н.Виллард бойынша кибербуллингтің формалары түсінікті және айқын. Келтірілген нысандардың әрқайсысы қудалауға немқұрайлы қараудан қорқынышқа, үрейге, суицидтік әрекеттерге дейін әр түрлі әсер ете алады. Бұл интернет ресурстарын пайдаланушылар арасында кибербуллинг проблемасының өзектілігін тағы да дәлелдеп отыр.

Ресей әзірлемелерінде кибербуллингті жіктеу ұғымына А.Н. Даханиннің жұмысын жатқызуға болады [7], онда қудалаудың сипаттамаларын, оның нақты формасын неғұрлым нақты түсінуге болады.

Кесте 2. Кибербуллинг нысандары (А.Н.Даханин)

Негіздеме	Түрі
Белсенділік дәрежесі бойынша	<ul style="list-style-type: none"> ● Агрессивті ● Пассивті
Ықтимал салдарлар бойынша	<ul style="list-style-type: none"> ● Компенсаторлық ● Виктимді
Уақыт шектері бойынша	<ul style="list-style-type: none"> ● Ситуациялық (арнайы жағдайға байланысты) ● Тұрақты, үнемі
Таратылу саласы бойынша	<ul style="list-style-type: none"> ● Аудиториялық ● Ақпараттық-коммуникативтік (кибербуллинг) ● Бос уақыт

Бұл жіктеу кибербуллингтің кез-келген түріне, оның толық және объективті сипаттамасын жасау үшін қолданылады: уақыт кезеңі, объект, белсенділік дәрежесі және т.б. қазіргі уақытта ол кибербуллингтің сипаттамасын жасау кезінде өзекті, өйткені ол кибербуллингке байланысты объективті жағдайды толығырақ сипаттап көрсетеді.

Кибербуллинг құрбандары мен жәбірленушілер кейбір жағдайларда қорғаудың белсенді кезеңінде болып, агрессивті мінез-құлық көрсетеді, ал бұл ақыр соңында оларды қудалаушыларға айналдырады. Мәселен, Германияның Штутгарт қаласындағы Хоэнхайм университетінің қызметкері Доктор Рут Фестл 2013-2015 жылдары жүргізілген зерттеу нәтижелерінің негізінде кибербуллинг құрбандарының бірімәнді түрі болмайтындығын айтады. Оның үстіне ол құрбан мен агрессор арасындағы айқын байқалатын айырмашылықтарды ажырату мүмкін болмайтындығын да айтқан. Ол жасөспірімдердің үштен бірі кибербуллингтің құрбаны бола тұра өздері де кибербуллингке баратындықтарын мойындайтындығын, көбінесе оның себебі интернет арқылы кек алу және өз қиянатшыларына соққы жауап беру мақсатында жасаған делінген. Яғни, интернет «кек алудың» қарапайым әрі жылдам тәсілі болып табылады. Осыған ұқсас «EU KidsOnline» нәтижелері бойынша кибербуллингке баратын агрессорлардың шамамен 57%-ы интернет қудалаудың құрбаны болғандар [8].

Н.Ю.Костюнина, А.Р. Дроздикова, Зарипова, Н.Н. Калацкая интернетке тәуелділіктен пайда болатын киберқылмыстық мінез-құлық: қараусыз, тәуекелсіз, жеңіл ойлы, кейде арандатушылық, өзіне және айналасындағыларға қауіпті болуы мүмкін деп есептейді, бұл басқаға кері әсер етіп, тіпті өзіне қол сұғу мүмкіндігін арттырады.

Сондықтанда киберсоциализацияның екі үлкен топқа бөлетін қауіпін қарастыру қажет. Оларға: психологиялық және әлеуметтік тәуекелдер кіреді.

Бұл тұрғыда П.В. Дик, В.А. Буровой-Лоскутова, Н. Семенов және т.б. ғалымдар «киберсеанс» кезінде жасөспірім өз назарын монитордың экранында көрсетеді, сондықтан осы сәт суггестия мен оның сана-сезімін айла-шарғы жасауға барынша қолайлы. Интернет желісінде уақытты өлшеусіз өткізу әлеуметтік аутизмге әкелуі мүмкін, балаларда өзара іс-қимылға ұдайы қосылу, виртуалды қарым-қатынас кезінде психологиялық кедергілердің болмауы, түрлі иллюзиясының пайда болуы т.б [9].

Кибербуллингтің үшінші тұлғасына келетін болсақ, әдетте бақылаушылар мінез-құлықтың үш түрін бөліп көрсетеді.

Бірінші түрі: жәбірленуші агрессорларға қарсы тұруға батылы бармайды, сөйтіп олардың әрекеттерін үнсіздікпен қабылдап жүреді.

Екінші түрі: кибербуллинг нысанына айналумен қорыққандықтан, олар құрбанды смс чаттар арқылы қудалап, қорлап, белсенді позицияға ие болады. Бұл жағдайда қатысушыдан басты қудалаушыға айналу қаупі бар.

Үшінші түрі: кибербуллинг куәгерлері құрбанның жағына шығып, оны қорғауға тырысады. Бұл жағдайда құрбанды жалғыз еместігін сезіндіру, немесе көмек көрсету я беделге ие болу ойымен қудалаудан құтқару. Ол кезде қудалау тоқтатылуы мүмкін. Олай болмаған жағдайда әрқашан құрбандардың қатарында қалу қаупі бар [10].

Көбінесе ғалымдар әлемдік ғаламтордағы кибербуллингтің негізгі механизмі деп: өзіндік «Мен» мен жалпының, әлеуметтік және жеке, қауіпті және мүмкіндік арасындағы тепе-теңдікті анықтай алмауынан деп келтіреді. Сондай-ақ, адам психикасының ерекшеліктеріне байланысты типті анықтау қажет дейді. Өйткені адам шынайы өмірде өзін, өзгелерді, өмірдегі өз айналасындағы таныстарына әртүрлі әрекет жасағанымен, желіде басқаша болуы немесе қабылдауы да өзгеруі мүмкін, сол арқылы виртуалды кеңістіктегі түрлі ақпаратты қабылдауы да, оған жауап қайтаруы да шынайы өмірден ерекшеленеді.

Ғаламдық интернеттің өзі бүгінде бұрын сипатталған факторлар мен механизмдерден бөлек кибертәуелділікті тез қалыптастыру көзі болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта «желіде киберқастандық жасауды іздейтіндер» тез дамып, әсіресе жас ұрпақты құрбан етудің жаңа тәсілдерін табатындығына назар аудару өте маңызды. Сондықтан желіні сауатты пайдалану, ғаламдық желіде болудың қауіпсіз құралдарын пайдалану мүмкіндігі интернеттегі әлеуметтенудің, дамудың және коммуникацияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Демек, мектеп ортасындағы балаларды құрбан етудің маңызды компоненттері:

- балаларға тән жеке-тұлғалық (психологиялық) құрауыштар (темперамент, адам-ғасырдың психологиялық типі, эмоциялық-еріктік саланың ерекшеліктері, рефлексияның жеткіліксіздігі, оның желідегі жай-күйі, өзін-өзі қабылдау және т. б.);

- мемлекеттік-қоғамдық құрамдастар (қоғамның жай-күйі және оның құрбан болуға қатынасы, мемлекеттің әлеуметтік бақылауының болмауы немесе жеткіліксіздігі, экономикалық қатынастар және т. б.);

- әлеуметтік-психологиялық компоненттер (киберқылмыстың сана-сезімі немесе бейсаналық, девиантты мінезге әкелетін қабілеттер, нормалар мен құндылықтар, түрлі жаста қалыптасқан ойлар және оларға деген көзқарас және т. б.)

- психологиялық-педагогикалық факторлар (тікелей қоршаған ортамен өзара әрекеттесудің қолайсыз ерекшеліктері, отбасылық фактор, киберкеңістіктегі білім, жас санатының тұлғааралық компоненті, жаһандық желіде байланыс орнату мүмкіндігі, өзекті қызмет және онымен байланысты уақыт пен виртуалды қарым-қатынас қажеттілігі және т. б.);

- интернеттің жаһандық желісінің өзгеруі және дамуы (киберкеңістікті дамыту; интернет желісінің тәуелді әлеуеті, желідегі мінез-құлық этикасы, интернет қауіптерден қорғаудың бағдарламалық қамтамасыз етуінің жеткіліксіз болуы, деструктивті сипаттағы сайттарға қолжетімділік, жеке ақпаратты қорғаудың қамтамасыз етілмеуі және т. б.) [11].

Осылайша, жаһандық интернет желісіндегі кибербуллингті зерттеушілердің көпшілігі бұл мәселені келешек ұрпақты әлеуметтендіру және киберсоциализациялау, интернетке тәуелділік және виртуалды кеңістікке қосылу, әртүрлі балалардың интернеттегі мінез-құлық ерекшеліктері арқылы қарастырады. Кибербуллингтің әртүрлі аспектілерін зерттеген Слюсарев, Хусяинов өз еңбектерінде ғаламдық Интернет «адамның басқа бір әрекеттері орын алатын жағдайлар ортасы» [12] деген қорытындыға келеді.

Сондықтан кибербуллингтің мектеп ортасында әртүрлі жастағы балаларға әсер ететін барлық факторларын, алғышарттарын, себептерін, қауіптерге және құрбан болу механизмдерін анықтауға назар аудару маңызды.

Осы айтылғандарды назарға ала отырып, жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болашақ әлеуметтік педагог мамандарын интернетте қауіпсіз мінез-құлық құру және мектеп ортасында кибербуллинг профилактикасын жүргізуге даярлау біздің зерттеуіміздің басты мақсаты болатын.

Пайданылган әдебиеттер тизімі:

Refereces:

1. Hinduja, S. & Patchin, J. W. (2019). *Summary of Our Cyberbullying Research (2007-2019)* Cyberbullying Research Center. Retrieved from;
2. Alina Yarmina, «Psihologicheskie osobennosti ýchastnikov býllinga», seksua «Psihologua lichnosti: chelovek i sitýatsua», April 2015;
3. Otsenka nasiliua v otnoshenu detei v shkolah Kazahstana. Ýchrejdenie Ýpolnomochennogo po pravam cheloveka v Respýblike Kazahstan i Predstavitelstvo IýNISEF v Kazahstane pri podderjke Ministerstva inostrannyh del Norvegi; (data obraenua:30.05.2015)
4. Cherkasenko O.S., Fenomen kiberbýllinga v podrostkovom vozraste /O.S. Cherkasenko // Lichnost, semia i obestvo: voprosy pedagogiki i psihologii. – 2015. – № 6. – S. 52-54;
5. Andreeva A.O., Manipýlirovanie v seti Internet / A.O. Andreeva // Informatsionnaia bezopasnost i voprosy profilaktiki kiberekstremizma sredi molodeji –2015 – S. 21-28;
6. Ofitsialny sait mejdýnarodnoi kompani, spetsializirýaiasia na razrabotke sistem zaity kiberýgroz «Laboratoria Kasperskogo»: <https://www.kaspersky.ru>;
7. Cherkasenko, O. S. Travlia v sotsialnyh setiah [Tekst] / O. S. Cherkasenko // Naýka i Mir. - 2015. - Volgograd - T. 2. - № 8 (24). – S. 107-108;
8. Valerua Valerua, «8 ottenkov kiberbýllinga» 20 maia 2018;
9. G.F.Biktagirova, R.A.Valeeva, A.R.Drozdikova-Zaripova, N.N.Kalatskaia, N.Iý.Kostýnina: «Profilaktika i korreksua viktumnogo povedenua stýdencheskoi molodeji v globalnoi seti Internet: teorua, praktika» Monografua, Kazan, Izdatelstvo «Otechestvo», 2019g;
10. Bengina E.A., Grishaeva S. A., «Kiberbýlling kak novaia forma ýgrozy psihologicheskomy zdoroviý lichnosti podrostka», «Psihologicheskie naýki» 2018 g;
11. Barkoýkis V.; Lazýras, L .; Oýrda, D .; Tsorbattsýdis H. «Jasóspirimderdiñ kiberqayıptiligi úshin psihoáleymettik qayıp faktorlarymen kúresý: Mekteptegi aralasydyñ dáleli», Agressua. Behav. 2015;
12. Vladimir K., Vladimir S., Hýsianov T. «Chelovechestvo i Tehnos: filosofua koevoliytsu», Litres, 15 ianv. 2021 g.